



ҚАЗАҚ-СЕРБ ҚАТЫНАСЫ НЫҒАЯ БЕРМЕК



Мемлекет басшысы Сербия Президенті Александр Вучичпен телефон арқылы сөйлесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Александр Вучич екіжақты ынтымақтастықтың даму қарқынын жоғары бағалап, қазақ-серб қарым-қатынастарын одан әрі нығайтуға ниетті екенін жеткізді.

Тараптар Қазақстан Президентінің 2024 жылғы қараша айында Белградқа ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру барысын талқылады.

Мемлекеттер басшылары сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды жандандырудың, соның ішінде өнеркәсіп, энергетика, құрылыс, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, көлік және логистика салаларындағы бірлескен бастамаларды нақты іске асырудың маңызын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Вучичті биыл Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.

ИНВЕТОР – ҚАРЖЫ ЕМЕС, МҮМКІНДІК

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың IV отырысында «Біздің мызғымас тұғырымыз» деп атаған заң мен тәртіп қағидатын орнықтыруға шетелдіктер де мүдделі. Себебі олар ел экономикасына салған қаражатының қайтарымды болуын, қорғалуын, құқығының қамтамасыз етілгенін қалайды. Президент Үкіметке инвесторларға қолдау көрсетуді тапсырған-тын. Бұл ретте Алматы облысында шетелдік инвестор мен әкімдік арасындағы ұзаққа созылып кеткен дауға Парламенттің араласуына тура келді. Қандай нәтиже шықты?



БАРШАҒА ОРТАҚ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

БҰҰ Азия мен Тынық мұхиты өңіріне арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссияның (UN ESCAP) мәліметіне сілтеме жасап, Сыртқы істер министрлігінің хабарлауына, 2024 жылы Қазақстанға 15,7 миллиард доллар инвестиция тартылды. Бұл 2023 жылғыдан 88% көп. Солтүстік және Орталық Азия өңіріне келген барлық инвестицияның 63%-ы қазақ еліне бағыт алған.

2024 жылы шетелдік инвесторлар жалпы құны 1,3 млрд долларды құрайтын 45 жобаны жүзеге асырды, 6 мыңнан астам жұмыс

орны ашылған. Елеулі жобалардың ішінде құны 50 млн доллар тұратын Carlsberg өндірістік алаңының құрылуы, вольфрам кенін өңдейтін, 450 млн долларлық «Жетісу Вольфрамы» зауытының I-ші кезеңінің іске қосылуы атап өтілді. Сондай-ақ Шымкентте Wan Sheng Ceramic керамика тактайшаларын өндіру, Қостанай облысында Škoda және Hongqi (Хончи) автокөліктерін ірі тораптық құрастыру зауыттары қолданысқа енгізілді. Алматы облысында 160 млн доллар қаржы салынған PepsiCo компаниясының жобасы да маңызға ие.

(Жалғасы 4-бетте)

БАҒА ЕМЕС, БАЗАР ШАЙҚАЛДЫ

Трампың «тарифтік саясаты» бір күнде құнды қағаздар нарығын ғана құлдыратып қойған жоқ, мұнай бағасын да төрт жылдық минимумға жеткізді. Лондон биржасында Brent мұнайы өткен аптада бірден 8 пайызға арзандап, барреліне 64,35 долларға дейін жетті. Бұған дейін мұнай бағасы соңғы рет 2021 жылы 65 доллардан төмен сатылған болатын. Дүниежүзі бойынша акциялар арзандап, облигациялар шарықтауда, ал Қытай АҚШ президенті жариялаған сауда соғысымен күресті бастап кетті, Еуропа елдері әлі де үнсіз.



→ 4

КЕЛІМСЕК ҚҰРТ ОРМАНДЫ ОТАП БАРАДЫ

2022-2024-жылдары Іле және Жоңғар Алатауының жабайы алма ағаштарының массивтеріне мониторинг жүргізу барысында алма күйе көбелегі (*Hypomeuta malinella* Zeller) мен жұпсыз жібек көбелегінің (*Lymantria dispar* L.) жаппай өршігені байқалды және басқа карантиндік зиянкестер мен инвазивті түрлер пайда болып, дабыл қағарлық жағдайға жетті. Бұл жағдай биоәртүрлілігінің көп бөлігін жоғалтуға, әсіресе әлемге әйгілі барлық мәдени алманың атасы – Сиверс алма ағашы және жабайы өріктердің көп бөлігінің азайып, құрып кету қаупін тудырып отыр.

→ 6



ҚАЛА ЖАҒАЛАҒАН ЖАСТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ БАР МА?

Алматы сияқты алып мегаполистің маңында мың-сан мәселе бар. Соның бірі – урбанизация жайы. Ал еліміздің түкпір-түкпірінен тоқтаусыз ағылған адамдардың қалаға бірден кірігіп, қоныстанып кетуі мүмкін емес.



→ 3

ҚАЗАҚША УИКИПЕДИЯ ҚОЛДАУҒА ЗӘРУ

Назарбаев университетінің магистранты Ербол Сариев қазақша Уикипедияның дамуына 10 жылдан астам уақыт бойы атсалысып келеді. Ол бүгінге дейін платформада 2 500-ден астам мақала жазып, 5 000-ға жуық өңдеу жасаған.



→ 8

ТҰРМЫСТЫҚ ЖАНЖАЛДЫҢ ШЕГІ ҚАЙДА?

Бытыр тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін әйелдер мен балаларға қатысты жаңа заң бекіген еді. Заң негізінде бұрын әкімшілік құқықбұзушылық ретінде сараланып келген ұрып-соғу, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру бойынша қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Бұған қарамастан, тұрмыстық жанжал әлі де азаймай тұр. Отбасылық даудың салдарынан қаншама қыз-келіншек тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбанына айналды. Заң күші қылмыскер үшін қауқарсыз ба?



→ 5

8 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ



ОЙЫН БИЗНЕСІ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАРАЛАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 10 сәуір күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Соған сәйкес алдағы бейсенбіде сенаторлар «Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды. Заңның мақсаты Кипрмен қылмыстық сот ісін жүргізу саласында толық құқықтық база қалыптастыру және шетелде сотталған азаматтарды елге қайтару, олардың қоғамға тез бейімделуіне ықпал ету екенін атап өткен жөн.

Келісімге сәйкес тараптар өз азаматтарын беру жөніндегі міндеттемелерді қабылдайды. Ол үшін сотталушының ерікті келісімі, оның тараптардың бірінің азаматы болуы және жасалған әрекет екі елдің заңнамасы бойынша қылмыс деп танылуымен қатар, бірқатар негізгі шарттар сақталуы қажет.

Сонымен қатар палата отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау, ойын бизнесі және артық заңнамалық регламенттеуді болғызау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу

туралы» заң бірінші оқылымда қаралады. Заң Денсаулық сақтау саласындағы заңнамалық реттеуді жетілдіру, ойын бизнесі саласындағы жарнамалық қызметті реттеуді оңтайландыру, құмар ойындарға қатысуды бақылауды күшейту, сондай-ақ міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің ашықтығын арттыру мақсатымен әзірленді.

Сондай-ақ Бюро мүшелері 11 сәуірде сот және құқық қорғау жүйелерінің және заң шығару қызметінің сапасын арттыру мақсатымен мемлекеттік органдардың заң қызметтерінің кадрлық әлеуетін нығайту аясында заң білімін дамыту мәселелері бойынша парламенттік тыңдау өткізу жөнінде тиісті қаулы қабылдады.

Одан бөлек, бюро мүшелері осы аптада өтетін комитет отырыстарында қозғалатын тақырыптарды талқылады және бұған дейін Парламент Мәжілісі қабылдаған заңдарды жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөліп берді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҚОЛДАУ АРТАДЫ

Премьер-Министр Олжас Бектенов отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен кездесу өткізді. Онда агроөнеркәсіп кешенін дамытудың өзекті мәселелері, көктемгі дала жұмыстарының барысы, шаруаларды қолдау шаралары, сондай-ақ қосымша пысықтауды қажет ететін өзара іс-қимыл бағыттары талқыланды.



Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтай отырысында алға қойған міндетіне сәйкес, онда алдағы бес жылда ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы өндірісін екі есе арттырудың келешегі қаралды. Кездесу басында сөз алған Олжас Бектенов Үкімет аграрлық секторға белсенді түрде қолдау көрсетіп отырғанын атап өтті.

«Президент қолдауының арқасында ауыл шаруашылығына ерекше көңіл бөлінуде. Мемлекет басшысы атап өткендей, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі өзінің құндылығын ешқашан жоймайды. Біздің жағдайымызда жеңілдетілген қаржыландыру үшін 700 млрд теңге табу оңай емес, алайда біз мұны іске асырып жатырмыз және қолдаудың бұл түрін одан әрі арттыра береміз. Қазіргі қолданыстағы тетіктердің барлығы жалғасын табады. Нәтижесі де жоғары болып, біз бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығын құра аламыз деген сенім бар», — деді Премьер-Министр.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров шаруаларды қолдау шараларын кеңейту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Оның сөзінше, егіс науқанын жеңілдікпен қаржыландыру көлемі былтыр 580 млрд теңгеге дейін және несиелеуді мерзімінен бұрын іске қосу арқылы биыл рекордтық 700 млрд теңгеге дейін көбейген. Бір жыл ішінде қаржыландыру көлемін 80 млрд теңгеге ұлғайту арқылы 5 пайызбен 200 млрд теңгеге дейін жеткізу ауыл шаруашылығы техникасы лизингінің қолжетімділігі арқаны, бұл ретте техниканың өзі — кепіл, ал жарна инвестициялық субсидия бола алады. Сондай-ақ азық-түлік корпорациясына форвардтық сатып алуларға — 30 млрд теңге, географияны кеңейту үшін экспорттық шығыстарды субсидиялауға 40 млрд теңге бөлінген. Одан бөлек, былтыр қайта өңдеу кәсіпорындарына айналым қаражатын толықтыру үшін несиені беру басталған. Несиелеу көлемі — 35 млрд теңге, биыл бұл мақсаттарға 48 млрд теңге бөлу міндеті тұр.

Сонымен қатар Үкімет ауыл тұрғындарын жыл бойы жұмыспен қамтамасыз ететін сала ретінде мал

шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөліп отыр. Осылайша, мал бардықылау аяндауы үшін қолдау құралдары әзірленуде, жеңілдікпен несиені беру және субсидиялардың жеңіл әкімшілендірілетін түрлерінің пайдасына селекциялық-асылтұқымдық жұмысты субсидиялау қайта қаралады.

Жиын барысында Премьер-Министр агроөнеркәсіп кешенін экономиканың технологиялық және инновациялық секторына айналдыру жөніндегі стратегиялық мақсатқа назар аударды. Ол үшін әрбір ауыл шаруашылығы өндірушісі заманауи агротехнологияларды енгізуге, еңбек өнімділігін арттыруға, тиімділігі жоғары және экспортқа бағдарланған өнімдер түрін кеңейтуге ұмтылуға тиіс.

«Мемлекет аграрлық кәсіпорындарға жан-жақты қолдау көрсететін болады, олар өндіріс көлемін ұлғайтып қана қоймай, сонымен қатар тұрақты әрі өзін-өзі қамтамасыз ететін ауылдық қоғамдастықтарды қалыптастыра отырып, ауылдағы тұрмыс сапасын арттыруға нақты үлес қосады. Бірлескен жұмыстың нәтижесі қазақстандықтарды өз өндірісіміздің сапалы әрі қолжетімді азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуде көрінуі тиіс. Қазақстан ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу саласында бәсекеге қабілетті ел ретінде танылуы керек», — деп түйіндеді өз сөзін Олжас Бектенов.

Сондай-ақ Үкімет басшысы агроөнеркәсіп кешенінің отандық өнімдері көрмесін тамашалады. Сүт және ет өндешеу салаларының жобалары, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және тамақ өнеркәсібі саласындағы шешімдер ұсынылды. Олардың қатарында қуаттылығы тәулігіне 1 млн данадан астам жұмыртқа өндіретін Ақмола облысында жұмыртқаны терең өңдеу зауытын салу жөніндегі инвестициялық жоба бар. Кәсіпорындар Орталық Азияда баламасы жоқ және жұмыртқа ұнтағынан бастап арнайы тағам қоспаларына дейін терең өңделген өнімдердің кең түрін шығаруға мүмкіндік береді.

Мейір ЖАСЫН

МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫ ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ 150-ШІ АССАМБЛЕЯСЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ

Өзбекстанда Парламентаралық одақ Ассамблеясының мерейтойлық отырысы өтті. Форумға қатысушылар парламенттердің әлеуметтік даму мен әлеуметтік әділдікті қамтамасыз етудегі рөлін талқылады. Қазақстан Парламентінің делегациясын Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов бастап барды.



Мәжіліс Спикері баяндамасында атап өткендей, форумның ғасырлар бойы халықтар мен мәдениеттерді тоғыстырған Ұлы Жібек жолының бойында ұйымдастырылуының символдық мәні зор. Ол Парламентаралық одақтың 150-ші Ассамблеясы тақырыбының өзектілігіне тоқтала отырып, жана жаһандық сын-қатерлер жағдайында БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш ұсынған жана қоғамдық шарт идеясының маңыздылығы арта түскеніне мән берді. Ерлан Қошанов Қазақстан оның идеясының әділеттілік пен ынтымаққа негізделген басты қағидаттарын толық қолдайтынын, ал парламенттер оның жүзеге асырылуында халық атынан өкілдік ететін институт ретінде басты рөл атқара алады деп есептейді.

«Әділеттілік Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси бағдарының идеялық негізі саналады. Оның көшбасшылығымен Әділетті Қазақстанды құруға бағытталған жүйелі саяси және экономикалық реформалар іске асырылуда. Бұл қоғамның саясатқа араласу мүмкіндігін кеңейтіп, әлеуметтік теңсіздікті азайтты. Инклюзияны дамытуға, денсаулық сақтау мен білімнің қолжетімді болуына, ұлттық байлықтың әділетті бөлінуіне айрықша назар аударылуда. Мұның бәрі Парламент қабылдап жатқан заңдарда көрініс тауып отыр», — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы соңғы отыз жыл ішінде қаржы секторының нақты өндірісті ығыстырып келе жатқанын көптеген халықаралық сарапшылар атап көрсетіп жатқанына тоқталды. Бұл мемлекеттің әлеуметтік рөлін төмендеуіне және жұмысшылардың құқықтарының сақталуына кері әсерін тигізді. Қазақстанда, керісінше, барлық азаматқа лайықты еңбек жағдайын жасап, кәсіби өсуіне тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінеді. Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады.

Қазақстан ішкі реформаларды белсенді халықаралық ынтымақтастықпен ұштастыра отырып сәтті жүзеге асырып келеді. Біздің ел Орталық Азия мен Ауғанстан елдері үшін Орнықты даму мақсаттары бойынша БҰҰ-ның өңірлік орталығын Алматы қаласында құру бастамасын ұсынған болатын. Осыған орай Мәжіліс Төрағасы БҰҰ Бас Ассамблеясының тиісті қарарын бірауыздан мақұлдағаны

үшін аталған ұйымға мүше барлық елге шынайы ризашылығын білдірді.

Екінші күні әлемнің жоғары парламенттік делегацияларына Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев құттықтау сөзін арнады. Ол бейбітшілік, демократия және орнықты даму идеяларын әлем бойынша ілгерілетуге қосқан үлесі үшін Парламентаралық одақтың рөлін ерекше атап өтті.

Өзбекстан басшысы Орталық Азия елдері парламенттерінің спикерлерін қабылдап, Ассамблеяға қатысқандары үшін алғыс айтты және өңірдегі парламенттер арасындағы өзара іс-қимылды күшейту жөніндегі басты бағыттарды талқылады.

Форум аясында Ерлан Қошанов шетелдік әріптестерімен бірқатар екіжақты кездесу өткізді.

Ол Өзбекстан Республикасының Олий Мәжілісі Заң шығару палатасының спикері Нуриддин Исмоиловпен, Бахрейн Корольдігінің Өкілдер кеңесінің спикері Ахмед Альмусалламен, Марокко Корольдігі Парламентінің Кеңесшілер палатасының төрағасы Мохаммед Ульд Эррашидпен, Үндістан Парламентінің Халық палатасының төрағасы Ом Бирламен парламентаралық ынтымақтастықты арттыру мәселелерін талқылады. Тараптар парламентаралық дипломатия аясындағы өзара іс-әрекетті нығайту, заңнама саласында тәжірибе алмасу жолдарын ортаға салды.

Сондай-ақ Мәжіліс Спикері форум аясында Ресей, Әзербайжан, Вьетнам, Грузия, Түркия және Қырғызстан парламенттерінің төрағаларымен ынтымақтастықты тереңдету мәселелері бойынша пікір алмасты.

Ташкентте өткен іс-шараға әлемнің шамамен 140-тан астам елінен делегаттар қатысты. Қазақстан депутаттары негізгі сессиядан бөлек, бейбітшілік және қауіпсіздік, тұрақты даму мәселелері бойынша комитет отырыстарына, әйелдер парламентарийлерінің форумына, «Еуразия» геосаяси тобының отырысына қатысты.

Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты Айгүл Құспан басқаратын Бейбітшілік және халықаралық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі тұрақты комитеттің отырысында «Палестинада екі мемлекеттің қатар өмір сүруі туралы шешімді ілгерілетудегі парламенттердің рөлі» атты қарар жобасы қаралды.

ЕҢ КЕДЕЙ ӨҢІРЛЕР АНЫҚТАЛДЫ

Былыр елімізде күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар отбасылардың дені Түркістан облысында (22,9 мың) тіркелген. Одан кейін Алматы, Шымкент, сондай-ақ Маңғыстау және Жамбыл облыстары орналасқан. Ал ең аз көрсеткіш Ұлытау облысына (2,1 мың) тиесілі.

Күнкөріс минимумынан төмен табысы бар адамдардың көбі (825,8 мың адам) бес және одан да көп адамнан тұратын отбасыларда өмір сүреді. Төрт адамнан тұратын отбасыда — 92,4 мың адам, үш адам бар отбасы — 36,6 мың, екі адам бар отбасыда — 12,9 мың, жалғызділігі 1,2 мың қазақстандық бар.

Былыр 167 мың отбасының ішінен 4,2 мыңының табысы азық-түлік себетінің құнынан да төмен болған, бұл көрсеткіш бір жылда 25,5%-ға азайған. Бұл отбасыларда 28,3 мың адам тұрған, бұл 2023 жылдың төртінші тоқсанымен салыстырғанда 16,9%-ға аз.

Азық-түлік себеті құнынан төмен табысы бар отбасылар Қазақстанның б өңірінде тіркелген. Атап айтқанда, Шымкентте — 1,5 мың, ШҚО-да — 821, Түркістан облысында — 765, Алматы облысында — 609, Жамбыл облысында — 473 және Ұлытау облысында — 54 отбасы.

Күнкөріс минимумнан төмен халықтың үлесі 4,8%-ды, ал азық-түлік себетінің құнынан төмен табысы барлар 0,1%-ды құрады.

М.ЖАСЫН



ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СИМВОЛЫНА АЙНАЛУҒА ТИІС

Мәжілістегі «АМАНАТ» партиясы фракциясы ҚҚС бойынша міндетті тіркеу шегін 15 млн теңгеге дейін төмендетуге қарсылық білдірді. Сонымен қатар депутаттар өңдеу өнеркәсібіндегі корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесін төмендету идеясымен келіспейтінін айтты және денсаулық сақтау саласына қосымша салық жүктемесін енгізуді қолдамайтынын жеткізді.

«АМАНАТ» фракциясының кеңейтілген жиынында Мәжіліс Спикері, партия Төрағасы Ерлан Қошанов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев салық саясатындағы өзгерістер кәсіпкерлерге жасалған жағдайды нашарлатпауға тиіс деп ескерткенін айрықша атап өтті.

«Президент біздің алдымызға ашық әрі түсінікті салық кодексын қабылдау туралы нақты мақсат қойды. Ол Әділетті Қазақстанның символына айналуға тиіс. Оны қоғам жіті бақылап отыр. Біз дұрыс шешім қабылдауымыз қажет. Салық кодексі мемлекет, бизнес және азаматтар арасындағы адал қарым-қатынастың жана кезеңіне айналуы керек», — деді ол.

Сондай-ақ Ерлан Қошанов мемлекет бір жағынан экономиканың дамуын қамтамасыз ететін, екінші жағынан бизнесті ынталандыратын ойын ережелерін әзірлеуі керек екенін жеткізді. Бұл ретте бюджет тапшылығы мәселесі жүйелі түрде шешілуі керек. Үкімет қазіргі шығындарды жабу үшін Ұлттық қордан үнемі қаражат алуы тоқтатуға тиіс.

Жиын барысында Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин Салық кодексінің жобасына қатыстына Үкімет ұстанымын жеткізді. Атап айтқанда, ҚҚС бойынша тіркеу шегін 15 млн теңгеге дейін төмендету, ҚҚС базалық мөлшерлемесін 16%-ға өлгізу және өңдеу өнеркәсібі үшін КТС мөлшерлемесін 10%-ға дейін төмендету ұсынылады. Сондай-ақ денсаулық сақтау саласына ҚҚС мөлшерлемесін кезек-кезеңмен өлгізу, 1,3 трлн теңгеден астам сомаға 128 салық жеңілдіктерін жою талқыланады. Бұдан басқа, жылына 8500 АЕК-тен жоғары кірістер үшін ЖТС – 15% бойынша прогрессивті шкаланы өлгізу және құны 450 млн теңгеден асатын жылжымайтын мүлік салығының мөлшерлемесін ұлғайту мәселесі қарастырылуда.



Депутаттардың пікірінше, Үкіметтің осы және өзге де бастамалары қоғамда көп дау туғызды. Сондықтан егжей-тегжейлі есептеуді және қосымша терең пысықтауды талап етеді.

«АМАНАТ» фракциясы жаңа Салық кодексінде міндетті түрде ескерілуге тиіс 7 басым бағытты белгіледі.

Ең алдымен, депутаттар Үкіметтің ҚҚС бойынша тіркеу шегін төмендету жөніндегі жоспарымен келіспейтінін айтты. Бұл қадам шағын және орта бизнеске қауіп төндіріп, «көлекелі экономикаға» айналуы мүмкін екенін атап өтті. Депутаттар ҚҚС шегін кем дегенде 15 миллионға дейін екі есе арттыруды ұсынды. Бұған қажет барлық ресурс бар.

Сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19 түрін ҚҚС-тан босату қажет екенін атап өтті. Бұл шешім азаматтарға нақты қолдау көрсетеді. Бұған қоса, депутаттар отандық кітап шығару, археология және анимация ісіне салынатын ҚҚС-ты алып тастауды ұсынды.

Денсаулық сақтау саласындағы ҚҚС-ты арттыру және қаржылық қызметтерге салық салу бойынша ұсыныстар ерекше алаңдаушылық туғызды. Депутаттардың пікірінше, мұндай шаралар баға өсіміне алып келеді және халыққа қосымша ауыртпашылық салады. Қазіргі жағдайда бұған жол беруге болмайды. Арнайы салық режиміндегі өзгерістер мәселесі де өзекті болып қала береді: фракция бөлшек салық режимін сақтау және қызмет түрлерінің «тыйым салу» тізіміне өту арқылы реттеуді жеңілдету қажет деп санайды. Сондай-ақ депутаттар ар-

найы салық режимінде, яғни B2B форматында жұмыс істейтін кәсіпкерлер арасындағы өзара қарым-қатынасты шешуді ұсынды.

Өңдеу өнеркәсібіндегі корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесін 20%-дан 10%-ға дейін төмендету туралы ұсыныс та депутаттар тарапынан көп сұрақ туындатты. Депутаттар мұндай шара бюджетті шығынға ұшырататынына назар аударды. Мәселен, бұл сома келесі жылы шамамен 94 млрд теңгені құрайды. Сонымен қатар бұл шешім сала арасындағы бәсекелестікке тенсіздік орнатуы, нарық қағидатын бұзуы және салықтан құтылу үшін өндірістік секторда бизнесті

төмендетуге жол беруге болмайды деп санайды.

Сондай-ақ депутаттар ауыл шаруашылығы өндірушілеріне ҚҚС бойынша 70% жеңілдік беретін салықтың қазіргі тәртібін сақтау қажет екеніне назар аударды. Олардың пікірінше, мұндай жүйе салықтан толық босатудан төрі тиімдірек және оны сақтап қалу керек. Ал аграрлық өнімді экспорттаушыларға келетін болсақ, депутаттардың пікірінше, ҚҚС нақты төленген сома бойынша ғана қайтарылуға тиіс.

Платформалық жұмыс тақырыбы да назардан тыс қалған жоқ. Фракция осы салада жұмыс істейтін 800 мыңға жуық

лағ арналған жеңілдіктер жөніндегі ұсынысына жеке тоқталды. Атап айтқанда, ол жаңыл жатқан ілеспе газға өз құнына қарай тау-кен салығын есептеуден бастауға ұсынды. Депутат оның орнына жаһандық тәжірибені ескере отырып, газдың әлемдік бағасына қарай салық салу қажет деп санайды. Сондай-ақ ол таусылып бара жатқан мұнай кен орындарына балама жер қойнауын пайдалану салығын; қатты пайдалы қазбаларды өңдеушілерге берілген салық жеңілдіктерін алып тастау дұрыс деп есептейді. Халық қалаулысының айтуынша, бұл шара алдын ала есептеулер бойынша бюджетке бір триллион теңгеден астам қаражат алып келеді. Сондай-ақ контрабандаға қарсы күресті күшейту қажет. Талдау жұмысы көрсеткендей, зансыз жеткізілген темекінің өзінен бюджет жылына шамамен 100 млрд теңге жоғалтады.

Депутаттар Салық кодексі жобасының өзге де даулы нормалары бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын айтты.

Отырыс соңында партия Төрағасы Ерлан Қошанов Президент тапсырмасына сәйкес, Салық кодексінің жаңа жобасымен жүргізіліп жатқан жұмыс быыл бірінші жартыжылдықта аяқталуға тиіс екенін атап өтті. Уақыт өте аз, сондықтан Үкімет пен депутаттар өзара түсіністік орнатып, құжат жобасы бойынша ұсыныстарды қарастыру үшін белсенді жұмыс істеуі керек. Осы аптада Салық кодексінің жобасын Мәжіліс бірінші оқылымда қарайды. Отырыста депутаттар мен қоғам Үкіметтен бүгін қойылған барлық мәселелер бойынша нақты жауап күтеді.

Денсаулық сақтау саласындағы ҚҚС-ты арттыру және қаржылық қызметтерге салық салу бойынша ұсыныстар ерекше алаңдаушылық туғызды. Депутаттардың пікірінше, мұндай шаралар баға өсіміне алып келеді және халыққа қосымша ауыртпашылық салады. Қазіргі жағдайда бұған жол беруге болмайды.

тіркеудің жасанды схемалары пайда болуы мүмкін.

Өңдеу өнеркәсібінің өкілдері онсыз да айтарлықтай салықтық ынталандыруды пайдаланады, ал мөлшерлемелің төмендеуі инвестиция өсіміне кепілдік бермейді. Алайда бюджетке артылатын фискалдык жүктемені күшейтуі мүмкін. Осыған байланысты фракция КТС мөлшерлемесін

азамат салық шартының нашарлап кетуінен қорғалуға тиіс екенін атап өтті. Олардың еңбегін зандастыратын және құқығын қорғайтын тетіктерді қарастыру қажет.

«АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі, Салық кодексі бойынша жұмыс істейтін жетекшісі Берік Бейсенғалиев Үкіметтің жер қойнауын пайдаланушы-

ҚАЛА ЖАҒАЛАҒАН ЖАСТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ БАР МА?

Алматы сияқты алып мегаполистің маңында мың-сан мәселе бар. Соның бірі – урбанизация жайы. Ал еліміздің түкпір-түкпірінен тоқтаусыз ағылған адамдардың қалаға бірден кірігіп, қоныстанып кетуі мүмкін емес. Демек, ішкі миграцияның ауыр салмағы қала маңындағы аудандардың иығына ауатыны анық. Бұған мысал – Алматы облысының Іле, Талғар, Қарасай, Жамбыл аудандарындағы тұрғындар саны еселеп өсіп отырғанын айтуға болады.

Қалмаханбет Мұқаматқали,
Алматы облысы

Жалпы, Алматымен шектесетін аудандарға келушілердің дені жер телімін сатып алып, құрылыс салатыны немесе саяжайларды мекендейтіні белгілі. Ал бұл жердегі әлеуметтік картина аса көңілдегідей емес. Аталған жаңа құрылыстар мен саяжайлардың тоқсан пайызында газ, асфальт пен су құбыры деген атымен жоқ. Бұған ең басты әлеуметтік қажетті нысандар мектеп пен аурухана, емхананың тапшылығын қосыңыз және бұл мәселеден жергілікті әкімдіктің хабары бола тұра, шешім қабылдауда әлі де дәрменсіз болып отыр. Қазір облыста 50 шақты үш ауысымды мектеп болса, оның дерлігі осы Алматы агломерациясына кіреді. Яғни, бұл мәселе өз кезегінде өңірдегі жұмыспен қамту, әлеуметтік қызмет пен нысандарға деген сұранысты да арттырады. Бәрі де



өзекті тақырып. Осы ахуалдың ішінен біз аймақтағы жастармен жұмыс жөнінде айтпақыз. Әсіресе, Алматы маңындағы NEET санатындағы жастардың жайы алаңдатады.

Дерекке жүгінсек, Алматы облысында жастарды жұмыспен қамту деңгейі

жоғары екен. Былтыр 24 932 жас жұмысқа тұрған. Осылайша, NEET санатындағы жастар саны 26 186 адамға дейін төмендеген. Ал бұл көрсеткіш 2023 жылы 46 мыңды көрсеткен еді. Алматы облысы Жастар саясаты басқармасының басшысы Мәди Ахметовтың айтуынша, бұл

жұмыстар мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде жалғасын табады. Бас құжатқа көрсетілген 7 негізгі бағыт бойынша Алматы облысында арнайы іс-шаралар жоспары бекітілген. Соның ішінде NEET санатындағы жастарды әлеуметтендіру жұмысына ден қойылған.

– Быыл сауда орындарында ресми тіркеусіз жұмыс істеп жүрген жастарға басымдық берілетін болады. Облыс аймағындағы барлық сауда-саттық орындарының басшылығымен тиісті жұмыстар жүргізіледі. Аталған бағыт бойынша кемінде 500 адамның еңбек қатынасын ресми тіркейтін боламыз, – дейді Алматы облысы Жастар саясаты басқармасының басшысы Мәди Ахметов.

Ресми деректерге сүйенсек, былтыр 217 жұмыссыз жас кәсіптік дағдыларын

– Бүгінде облыста 2025 жылға жұмыс орындарын құрудың Өңірлік картасы бекітілді. Құжатқа сәйкес, 60 230 жұмыс орны құрылса, 18 744 жас жұмысқа тартылады деп жоспарланған, – дейді облыстық Жұмыспен қамту және үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бөлім басшысы Жансерік Адиахметов.

Жастар саясаты төңірегіндегі кешенді шаралар мұнымен шектелмейді. Быыл «Сақтан» және «Адал адам – адал еңбек» жобалары іске асатын болады. Бұдан бөлек, жастарға арналған заманауи ХАБ ашу көзделген. Жоспарды жүзеге асыруға демеушілер ықпал етпек. Соның нәтижесінде Талғар ауданы, Панфилов ауыл-ындағы мәдениет үйі қайта жаңарып, жастарға арналған бірегей орталыққа айналмақ.

– Жалпы, былтыр жастарды қолдауға бағытталған 12 тармақтан тұратын кешенді

Ресми деректерге сүйенсек, былтыр 217 жұмыссыз жас кәсіптік дағдыларын қалпына келтіру үшін, ал 1 267 адам «Бастау бизнес» жобасы аясында қысқамерзімді оқудан өткен.

жалпы келтіру үшін, ал 1 267 адам «Бастау бизнес» жобасы аясында қысқамерзімді оқудан өткен. Бүгінгі күні 88 жастың бизнес-идеялары қолдау тауып, 400 АЕК көлемінде қайтарымсыз грантка ие болған жайы бар.

жоспар бекітілді. Жыл соңына дейін барлық шара аясында тікелей 100 мың жасты, жанама түрде 300 мың жасты қамту көзделіп отыр, – дейді Алматы облысы Жастар саясаты басқармасының басшысы Мәди Ахметов.

АЙМАҚ

8 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – БІРІНШІ ОРЫНДА

Мемлекеттің әлеуметтік саладағы басымдық берген бағыттарының бірі – еліміздің кедергісіз аймаққа айналу мәселесі. Оған жетудің басты амалы – қоғамдық ортаны мүгедектердің еркін өмір сүруіне бейімдеу. Бұл ретте мүгедектігі бар адамдардың жұмыспен қамтылуы – бірінші орында.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Қарағанды облысында 2024 жылы мыңнан астам мүгедектігі бар жан жұмыспен қамтылды.

Қазір облыста 55 мың мүгедек адам бар. Олардың 32 мыңнан астамы – еңбекке жарамды. Бүгінде бұл жандардың үштен бірі өз бетінше немесе мансаптық орталықтардың көмегімен жұмысқа орналастырылды. Мансап орталықтарына 1 200 мүгедектігі шектеулі жан жүгінді. Орталықтар мамандарының тынымсыз жұмысының арқасында олардың 700-і түрлі бағдарлама мен бағыт бойынша еңбекке етіп жүр.

Әрине, бұл санаттағы адамдардың өзіндік қажеттіліктері бары анық. Барлық жұмыс түрі оңтайлы бола бермесі де сөзсіз. Жұмыспен қамту кезінде осынау маңызды жайтты ескерген абзал. Облыс өңірлерінде бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі жүргізіліп келеді. Халықты жұмыспен қамту орталықтары әр адамның ерекшелігіне қарай бос жұмыс орындарын ұсынады.

Облыс әкімі Ермағамбет Бөлекпаевтың тапсырмасы бойынша мүгедектігі бар қанша адамның жұмысқа мұқтаж екеніне талдау жүргізілген болатын. Міндет – барлығына көмектесу. Қалалар мен аудандарда мүгедектігі шектеулі адамдар жұмысқа орналаса алатын кәсіпорындар



саны қайта қаралды. Нәтижесінде, осы санат үшін жұмыс орындар квотасы екі есеге – 113-тен 219-ға дейін ұлғайтылды.

Қарағанды облысының еңбек мобилдігі орталығының директоры Нұрлан Сыздықовтың айтуынша, кәсіпорындар мүгедектігі шектеулі жандарды жұмысқа алуға ниетті. Оларды ынталандыру мақсатында мемлекет жұмыс берушілерге субсидия төлеп отыр.

— Былтыр Еңбек мобилдігі орталығы екі бағыт бойынша 13 арнайы жұмыс орын құрды. Биыл мүгедектігі бар адамдарды үш санат бойынша жұмысқа орналастыру жоспарланған. Бұлар есту, көру қабілеті бұзылған және тірек-қимыл аппаратында проблемалары бар адамдар. Жұмыс берушінің басты міндеті — ерекше қажеттіліктері бар қызметкерлерге қолайлы жағдай жасау. Ал мемлекет өз тарапынан оларға қолдау көрсетеді, — дейді Нұрлан Сыздықов.

Мемлекет жұмыс беруші арнайы жұмыс орын жабдықтау үшін құрылғыларды сатып алып, орнату үшін кеткен шығындарын өтеп береді. Сондай-ақ

Бұл санаттағы адамдардың өзіндік қажеттіліктері бары анық. Барлық жұмыс түрі оңтайлы бола бермесі де сөзсіз. Жұмыспен қамту кезінде осынау маңызды жайтты ескерген абзал. Облыс өңірлерінде бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі жүргізіліп келеді. Халықты жұмыспен қамту орталықтары әр адамның ерекшелігіне қарай бос жұмыс орындарын ұсынады.

мемлекет мүгедектігі бар адамдар жалақысының бір бөлігін төлейді. Субсидия ай сайын үш жыл бойы төленеді. Яғни, алғашқы жылы жалақының 70 пайызын төлейді. Бірақ оның мөлшері 30 АЕК-тен аспауға тиіс. Ал екінші жылы — жалақының 65 пайызы, үшінші жылы 60 пайызы өтеледі.

Жаңа адамдарды жұмыспен қамту мәселесіне байланысты аймақта инклюзивті жұмыс орындары ашылды.

Мәселен, Қарағандыдағы тігін цехында бірнеше адам еңбек етіп жүр. Есту қабілеті нашар тігінші Лидия Гонкина бір жылдан бері тігінші болып еңбек етіп

келеді. Ол бұған дейін қаладағы шағын ателье-ательердің бірінде жұмыс істеген. Алайда мұндай ұйымның бәрі тапсырыспен қызмет көрсететіні белгілі. Сондықтан тапсырысты бітірген соң қол қуырып отыруға тура келеді. Тиісінше, табысы да аз.

— Жұмысым тоқтап қалғанда мансап орталығына бардым. Маған қалада және Майқұдықта жұмыс орны ұсынылды. Мен Пришахтинскіде тұрғандықтан, осы аудандан орын тауып беруді сұрадым. Олар көмектесіп, қазір табыс тауып отырмын. Ұжым жақсы. Бір-бірімізге көмектесіп, қол ұшын созып тұрады. Тіпті, қыздар менімен амандасып, бірге шай ішу үшін ыммен сойлесуді де үйреніп алды, — дейді тігінші Лидия.

Бұл цех арнайы киім тігеді. Кәсіпорын бұған дейін де мүгедектігі шектеулі жандарды жұмысқа қабылдаған. Цех ғимаратында мүгедектігі бар қызметкерлерге қолайлы, қауіпсіз болуы үшін сыртқы және ішкі құлақтандыру жабдығы, сандық табло мен «ақылды» қол сағаттар орнатылған. Кәсіпкерлік жақында тағы бір мүгедектігі шектеулі адамға арналған жұмыс орынның құруды жоспарлап отыр.

Қарағанды облысы бойынша бүгінде кәсіпкерлерден 11 жұмыс орынның ұйымдастыруға бес өтінім түсті. Олардың бір бөлігі мақұлданды. Нақты айтқанда, Қарағанды қаласында пластикалық терезе орнататын кәсіпорын — алты жұмыс



тазалау және аяқкиім жөндеу шеберлерінен бастап бухгалтерлерге, өкімшілерге дейін жұмысқа қабылдауға.

Сонымен қатар тұрғындарды жұмысқа орналастыруға көмектесу үшін Жұмыс Тар әлеуметтік жобасы іске қосылды. Барлық ниет білдірушілер жана мамандықты тегін оқи алады. Қысқа мерзімді курстарға қабылданғандардың арасында мүгедектігі шектеулі адамдар да бар. Олар шаштараз, сән шебері, аспаз, бухгалтер-кассир, бағдарламашы, тігінші сияқты мамандықтарды таңдауда.

Сонымен қатар оларға күтім жасайтын адамдар да цифрлық мамандықтар бойынша білім ала алады, — дейді Нұржан Сыздықов.

Айта кету керек, Қарағанды облысына қарасты аудандар мен қалаларда да мүгедектігі шектеулі жандарды жұмыспен қамту басты мәселе.

Мысалы, Балқаш қаласында былтыр «Мансап» орталығының мамандары 2 000 адамды жұмыспен қамтыса, олардың 150-і мүгедектігі шектеулі жандар. Олардың көпшілігі оқу курстарын бітіріп, қазір қаладағы түрлі кәсіпорында еңбек етуде.

— Биыл «Жұмысшы мамандықтары» жылы болып жарияланғанын білесіздер. Бүгінде Балқаш қаласында жастарды жұмысшы мамандықтарына оқыту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде, өйткені жергілікті кәсіпорындарға слесарь, сантехник, токар, машинист, жүргізушілер жетіспейді, — дейді Балқаш қалалық «Мансап» орталығының директоры Азамат Саданов.

ҚОҚЫС ПОЛИГОНЫ КЕРЕК-АҚ

Орал қаласы үшін қоқыс шығару үлкен проблемаға айналуы мүмкін. Себебі жалғыз қоқыс төгетін полигон толып қалған. Толғаны аздай, ол полигонның пайдалану мерзімі өтіп бара жатыр. Негізгі полигонды пайдалану мерзімі сонау 2000 жылы аяқталған. Ол кезде амалдың жоқтығынан тағы 25 жылға ұзартқан еді. Енді сол межелі уақыт таяп қалды. 50 жылға жуық уақыт жұмыс істеп тұрған қоқыс полигоны қазір әбден тозған. Айналасы іріп-шіріп жатыр. Полигондағы қоқысты реттеу мақсатында арасында өртеп тұрады. Полигон өртенгенде жағымсыз иіс түтінмен араласып қаланы алып кетеді. Экологтар болса, бұл ауаға, адамзатқа қауіп деп безектеуде.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

«Орал қаласындағы Зашаған кентінен 10 шақырымдай жерде орналасқан бұл полигонға күніне тонналап қоқыс төгіледі», — дейді мамандар. Полигонды ICM Recycling компаниясы 10 жылға сенімгерлік басқаруға алған. Қазір олар келісімшарт бойынша күтіп ұстап отырмыз деседі. Ал жалпы қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны Орал қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің балансында.

БҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының мәліметінше, облыста қатты-тұрмыстық қалдықтардың 147 полигоны тіркелген. 145 полигон ауылдық округтердің орталықтарында, ал екі полигон Орал мен Аксай қалаларында орналасқан.

Экологтардың айтуынша, Қазақстандағы полигондардың әлемдік деңгейдегі стандарттар мен заңға сай жұмыс істеуіне қаражат керек.

«Полигондарды дүниежүзілік экологиялық кодекстің талаптарына сәйкестендіру үшін оған қыруар ақша керек. Оралға полигон салу үшін қомақты қаражатты кім береді? Бізде заң әлемдік кодексмен реттелгенімен, ақша бөлуге келгенде әлемдік масштабқа сай емес.

Сондықтан осы жерде қарама-қайшылық туалы», — дейді қоғам белсендісі Дәуренбек Сахым.

Дәуренбек Сахым осы уақытқа дейін полигон өртенген кезде Экология департаментінің адамдарын жанып жатқан аймаққа ертіп барған. Айтуынша, сол сәтте ауаның ластануын тексерген департамент мамандары «Ластану көрсеткіші жоқ» деген. Эколог: «мәселенің шешімі полигонды жана орынға көшіру мен қоқысты дұрыс орналастыру», — дейді.

Қала маңындағы қатты қалдықтар полигонның толып қалғанын, қолдану уақыты асып кеткенін қалалық әкімдіктер де мойындап отыр. Бірақ қысқа жіп күрмеуге келмей, жаңа полигон сала алмай отырғанын айтады.

Айтпақшы, жаңа полигонның жобалық-сметалық құжаты да дайын. Жоба құны 12 млрд тұрады.

«Полигон көлемінен асып кетті. Екі мыңыншы жылдан бастап, биылға дейін қайтадан мерзімі ұзартылды. Биыл соңғы жыл деуге болады. Барлық қоқыс көзге көрініп, жер бетінде шашылып жатыр. Қазір қолымызда жобалық-сметалық құжат бар. Сараптама оның қорытындысын алдық. Біз атқарушы орган болғаннан кейін жоғарғы өкілетті органдан жауап күтеміз. Облыстық Энергетика басқармасына және Табиғатты қорғау басқармасына бюджетті қорғау өтімі ұсынылды. Қазір қарастырып жатыр.



Жобаның құны 12 млрд көлемінде болғаны қиындау болып тұр», — дейді аталған бөлімнің абаттандыру секторының менеджері Дархан Еркінұлы.

«Егер қаражат табылып, жаңа полигон салынса, ол барлық талапқа сай болуы керек», — дейді мамандар. Себебі қазіргі полигон жай ғана қоқыс төгетін алаң. Айналасында ең болмаса қоршау да жоқ. Мұны өкімдіктің мамандары өздері де мойындап отыр.

«Жаңа полигон Зашаған кентінен 15 шақырым жерде болады. Қазір қолданыстағы полигон сол кезде қалай бар, солай берілген. Былайша айтқанда, қазір сырты тек тормен қоршалып тұр. Қалдықтар жер бетінде шашылып жатыр. Ол жерде өкімшілік ғимарат та жоқ. Қалдық жинау үшін жағдай жасалмаған, қоқыс ашық орынға жиналып жатыр. Жаңа полигонда жұмыс істеуге қажетті өкімшілік заңнамалар қарастырылған, инженерлік инфрақұрылым толығымен тартылады. Қазіргі сұрыптау жүйесімен салыстырғанда, болашақта қалдықтардың соңғы көлемі әлдеқайда аз болады», — дейді Дархан Еркінұлы.

Біз полигонды күтіп ұстаушы мердігер компания өкіліне де хабарласып көрдік. Ол да алған жерден полигон толды, қоқыс төгетін орын қалмады деп зарлап қоя берді.

Қала маңындағы қатты қалдықтар полигонның толып қалғанын, қолдану уақыты асып кеткенін қалалық әкімдіктер де мойындап отыр. Бірақ қысқа жіп күрмеуге келмей, жаңа полигон сала алмай отырғанын айтады.

«Қазір полигон 95 пайызға толды, тіпті одан көп те болуы мүмкін. Мердігер мекеме болғаннан кейін келісімшарт бойынша міндетіміз — полигонды күтіп ұстау. Полигон аумағы — 35 гектар. 2019 жылы іске қосылған Green Servis Company сұрыптау кешеніміз бар. Қоқысты күнде сұрыптайды. Полигонға жылына 71-72 мың тонна қоқыс түседі. Күніне қаладағы және қалалық қоқысты жинайтын 70-80 көлік келеді», — дейді ICM Recycling компаниясының директоры Алмас Пішенбаев.

Полигон толық, амал жоқ кезде өртейді. Одан барлық мекеме хабардар.

Полигонның иісінен соның ішінде қалдықтар мезгілде ең көп зардап шегетін сол — Зашаған кентінің тұрғындары. Әсіресе, Сарытау, Деркөл кентінің тұрғындары денсаулықтарына алаңдайды.

«Жаз кезінде ыстық температурада ауада молекулалар тезірек тарайды ғой. Сол себептен жазда иіс қатты сезіледі. Түтіннің иісі кешкі уақытта бірден ауданды алып кетеді. Кей кезде терезені ашу мүмкін болмайды. Ал қыста көп білінбейді. Оған қоса, қыста терезені көп ашпаймыз. Полигондағы қоқыстың өртеніп жатқанын айналасынан өтіп бара жатқанда байқаймыз», — дейді бізбен тілдескен тұрғындар.

Орал қаласындағы қоқыс полигонының мәселесі қазір күн тәртібіндегі өзекті мәселе болып тұр. Тұрғындардан түсетін арыз-шағым да көбейген. Экологтар да дабыл қағып жатыр. 50-жылдан бері қызмет атқарып тұрған полигон әбден тозған. Ал жоғары жақ жоқ деп ауыздарын құр шөппен сүртіп отыр. Әні-міне жаз шығады. Қоқыс полигоны тағы шіріп, иістенеді. Ол аздай өртенеді. Қаланы тағы көк тұман басады. Бұл Оралдықтар бетпе-бет келетін жылдағы проблемаға айналды. Ал билік болса жана полигон салуға асығар емес.

